

ISSN 1999-4214 (print)  
ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

# ХАБАРШЫСЫ

---

---

**ВЕСТНИК**

ЕВРАЗИЙСКОГО  
ГУМАНИТАРНОГО  
ИНСТИТУТА

**BULLETIN**

OF THE EURASIAN  
HUMANITIES  
INSTITUTE

№1/2025

Жылына 4 рет шығады  
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год  
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year  
Began to be published in 2001

Астана, 2025

Бас редактор **Дауренбекова Л.Н.**  
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,  
филология ғылымдарының кандидаты  
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**  
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,  
философия докторы (PhD)

#### Редакция алқасы

<b>Аймұхамбет Ж.Ә.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
<b>Ақтаева К.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
<b>Әбсадық А.А.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
<b>Бредихин С.Н.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
<b>Гайнуллина Ф.А.</b>	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
<b>Ермекова Т.Н.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
<b>Есиркепова К.Қ.</b>	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
<b>Жүсіпов Н.Қ.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
<b>Курбанова М.М.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
<b>Қамзабекұлы Д.</b>	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
<b>Құрысжан Л.Ә.</b>	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
<b>Онер М.</b>	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
<b>Пименова М.В.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
<b>Сайфулина Ф.С.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ
<b>Сенмез О.Ф.</b>	философия докторы (PhD), профессор, Токал Газиосманпаша университеті, Токал, Туркия

**Редакцияның мекенжайы:** 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4  
**Телефон/факс:** (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.  
Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»  
Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022  
Басуға 27.03.2025 ж. қол қойылды. Пішімі 60\*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.  
Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89  
«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**  
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени  
А.К. Кусаинова  
Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**  
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени  
А.К. Кусаинова

#### Редакционная коллегия

<b>Аймухамбет Ж.А.</b>	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
<b>Актаева К.</b>	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
<b>Абсадық А.А.</b>	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова, Костанай, Казахстан
<b>Бредихин С.Н.</b>	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
<b>Гайнуллина Ф.А.</b>	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
<b>Ермекова Т.Н.</b>	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
<b>Есиркепова К.К.</b>	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
<b>Жусипов Н.К.</b>	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
<b>Курбанова М.М.</b>	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
<b>Камзабекулы Д.</b>	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
<b>Курсыжан Л.А.</b>	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
<b>Онер М.</b>	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
<b>Пименова М.В.</b>	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
<b>Сайфулина Ф.С.</b>	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ
<b>Сенмез О.Ф.</b>	доктор философии (PhD), профессор, Университет Токат Газиосманпаша, Токат, Турция

**Адрес редакции:** 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4  
**Телефон/факс:** (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.  
Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова».  
Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022  
Подписано в печать 27.03.2025 ж. Формат 60\*84 1\8. Бум. типогр.  
Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89  
Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**

Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**

Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

#### Editorial Board

- Aimuhambet Zh.A.** Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
- Aktayeva K.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
- Absadyk A.A.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
- Bredikhin S.N.** Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
- Гайнуллина Ф.А.** Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
- Yermekova T.N.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
- Yesirkerova K.K.** Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
- Zhusipov N.K.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
- Kurbanova M.M.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
- Kamzabekuly D.** Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
- Kuryshzhan L.A.** Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
- Oner M.** Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
- Pimenova M.V.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
- Seifullina F.S.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF
- Senmez O.F.** (PhD), Professor, Tokat Gaziosmanpasa University, Tokat, Turkey

**Editorial address:** 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev

**Tel/Fax:** (7172) 561 933: e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 27.03.2025 Format 60 \* 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

---

## МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENTS

### ТІЛ БІЛІМІ – ЯЗЫКОЗНАНИЕ – LINGUISTICS

БЕРГІБАЕВА Д.Қ., КЕНЖЕҒАЛИЕВ С.А., ӨМІРБЕКОВА Ж.Қ.	Жеке тұлғаның ділдік лексиконы	7
ЕРҒАЛИЕВ Қ.С., САРЫБАЕВА Б.Ж., УАЙХАНОВА М.А.	Ұлттық құндылықтардың интернет-түсіндірмелердегі көрінісі: дәстүр мен жаңашылдық	16
КЕМБАЕВА А.Т., ЖҰБАЙ О.С., ЖАКИПОВА М.Н.	Тілдік тұлға дискурсындағы когезия мен ретроспекция тәсілдері	25
MURATBAIEVA I.S., ABDRAKHMANOVA ZH.A.	Colorative vocabulary as a term-forming component in the composition of metaphorized terms (using the example of the adjective «golden»)	35
САДЕНОВА А.Е., АЙТБАЕВА Б.М., КАРЫБАЕВА С.Е.	Тіл меңгертудегі диалогтардың деңгейлік динамикасы	44
ШАЛШЫКБАЕВА Г.О., ДҮЙСЕКОВА К.К., БАКТИЯРОВА Р.М.	Авиация кәсіби дискурсының конститутивтік ерекшеліктері	54

### ӘДЕБИЕТТАНУ – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ – LITERATURE STUDIES

АБДИКАРИМ Н., АСҚАРОВА А.Ш., ҮМБЕТБЕКОВА К.М.	Абай өлеңдерінің поэтикалық ішкорпусын құрудың маңыздылығы	64
ABDYKHANOVA G.T., ABDYKADYROVA T.R., AGABEKOVA ZH.A.	M.KH. Dulaty and the people of art	73
АБИШЕВА Ш., КЕНБАЕВА А.З., ӘБДІМАНАПОВА М.Б.	Топонимдік аңыздар ертегілік емеспрозаның ерекше жанры ретінде (түркі халықтарының топонимдік аңыздары мысалында)	89
АЙТУГАНОВА С.Ш., САРСЕМБАЕВА С.А.	Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі симулякрдың көркемдік қызметі (Д. Жылқыбайдың әңгімелері негізінде)	100
ӘБДІҒАППАРОВА Ж.Ж.	Отарлық кезеңдегі діни ахуал және Шайыр Шәдінің «Назым Сияр Шәриф» дастаны	110
ҚАЙЫРБЕКОВА А.Қ., ТАКИРОВ С.У., ТОЛЕУБАЕВА К.А.	М. Мағауин прозасының танатопоэтикасы	121

ҚОҢДЫБАЙ М.М., ӘБДИМАНҰЛЫ Ө., ТИРАДО Р.Г.	Әнші-ақындар шығармашылығындағы сипатының көркемдік ерекшелігі	сұлулық	132
САУРЫҚОВ Е.Б., ТАМАБАЕВА Қ., ЕЛУБАЕВА Р.	Шерхан Мұртаза мен Шәкәрім Құдайберді діни тұжырымдарындағы ортақ сарындар		142
СЕЙІТМАН С.М.	Абай елі мен алаш қаласының рухани сабақтастығы және қазақ поэзиясындағы бейнесі		155
ТҰЯҚБАЙ Т., ТҰЯҚБАЕВА Р.	Абай мен Гёте: данышпандар диахрониясы		165

**ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ –  
МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ –  
METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE**

АУҒАНБАЕВА М.С., МАМАЕВА Г.Б.	Студенттердің сөйлеу мәдениетін дамыту әдістері		175
ТАУБАҒАЕВ З.Т., SULTAN Y., DAUTOVA G.R.	The role of artificial intelligence in forming stereotypes in intercultural communication		185

ТІЛ БІЛІМІ / ЯЗЫКОЗНАНИЕ / LINGUISTICS

FTAMP 17.01.11

DOI <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2025-1.01>

Д.Қ. БЕРГІБАЕВА<sup>1</sup>



С.А. КЕНЖЕҒАЛИЕВ<sup>2</sup>



Ж.Қ. ӨМІРБЕКОВА<sup>3</sup>



Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан<sup>1,2</sup>

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан<sup>3</sup>

(e-mail: [dinara.kaldybekkyzy@mail.ru](mailto:dinara.kaldybekkyzy@mail.ru)<sup>1</sup>, [sayan582@mail.ru](mailto:sayan582@mail.ru)<sup>2</sup>, [ozhamila@inbix.ru](mailto:ozhamila@inbix.ru)<sup>3</sup>)

ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ ДІЛДІК ЛЕКСИКОНЫ

**Аңдатпа.** Ділдік лексикон – соңғы жылдары тіл білімінің өзекті зерттеу нысанына айналған терминдердің бірі. Оны әр қырынан қарастыру тілдің ішкі қабаттарын зерттеуге және тіл үйренудегі ерекшеліктерді анықтауға ықпал жасайды. Жеке тұлғаның ділдік лексиконын зерттеу сөздерді қабылдау мен сараптау сынды түрлі үдерістердің қалай жүзеге асатынын түсінуге мүмкіндік береді.

Ділдік лексиконды кешенді зерттеу жеке тұлғаның тілдік ерекшеліктерін қарастыруды қажет етеді. Бұл мақалада жеке тұлғаның ділдік лексиконы сауалнама әдісі арқылы зерттеледі. Сауалнамаға белгілі бір сөздердің ассоциациялары арқылы адамдардың реакцияларын анықтау; негізгі сөздің барынша жиі қолданылған каллокторларын табу; жинақталған жауаптар арқылы жеке тұлғаның ділдік лексиконына әсер ететін факторларды талдау сынды мақсаттар қойылады. Ол үшін жас психологиясына қатысты өнімді еңбек еткен Г. Абрамованың әртүрлі жас мөлшеріне қатысты классификациясы таңдалып, соның негізінде респонденттерге арналған сұрақтар құрастырылады. Жеке тұлғаның ділдік лексиконына қатысты ғалымдардың әртүрлі анықтамалары беріледі. Мақаланың негізгі тармақтары: жеке тұлғаның ділдік лексиконы жайлы зерттеулер; оған әсер ететін факторларды анықтауға бағытталған сауалнама; жауаптарды талдау; жеке тұлғаның ділдік лексиконының ерекшеліктерін анықтау.

**Түйін сөздер:** индивид, ділдік лексикон, когнитив, эмоционалды-аффективті реакция, тұлғалық фактор, сыртқы контекстік фактор.

**Кіріспе.** Ділдік лексиконды толық сипаттау оны әртүрлі ғылым салаларының тоғысында зерттеу арқылы ғана жүзеге асады. Ділдік лексикон адамның когнитивтік процестерімен тығыз байланысты. Лексикалық бірліктер жақта сақталып, қажетті жағдайларда қолданысқа түседі. Когнитивтік ғылым тұрғысынан қарастырғанда, ділдік лексикон ұғымдар жүйесін құрайды, ассоциациялық өрісті анықтайды, ойлау ерекшеліктерін көрсетеді. Мысалы, әрбір тілде “білім” ұғымы әртүрлі мағынада түсініледі. Қазақ мәдениетінде білім көбіне ақыл-ой, өмірлік тәжірибемен тығыз байланысты қарастырылады (“ғылым – білім бұлағы, білім – өмір шырағы”). Ал, батыс мәдениетінде білім көбіне формалды оқыту жүйесімен ассоциацияланады. Ділдік лексикон бірнеше деңгейден тұрады:

- Негізгі сөздік қоры – күнделікті қарым-қатынаста қолданылатын қарапайым сөздер.
- Кәсіби және арнаулы лексика – мамандыққа байланысты қолданылатын терминдер.
- Жеке эмоционалды-бағалауыш сөздік – адамның ішкі тәжірибесін көрсететін сөздер мен тіркестер.
- Метафоралық және идиомалық қор – тілдік сананың бейнелілік деңгейін көрсететін



- тұрақты сөз тіркестері мен метафоралар.

Жеке тұлғаның ділдік лексиконы оның ұлттық мәдениетімен байланысты. Мысалы, қазақ тілінде табиғатқа, көшпелі өмір салтына қатысты сөздер кең таралған (“жылқы мінезді”, “жолын берді”, “қоныс аудару”), ал, ағылшын тілінде өндірістік және технологиялық ұғымдар басым (“time is money” – “уақыт – ақша”).

Ділдік лексикон динамикалық сипатқа ие. Ол адамның өмірлік тәжірибесіне, оқыған кітаптарына, араласатын ортасына қарай дамып, өзгеріп отырады. Қазіргі таңда ақпараттық технологиялар мен жаһандану үдерісі жаңа сөздердің пайда болуына және олардың жеке лексиконға енуіне ықпал етуде. Жеке тұлғаның ділдік лексиконы – оның когнитивтік және мәдени санасының айнасы. Ол адамның тілдік қабілетін ғана емес, оның ойлау жүйесі мен дүниетанымын да анықтайды. Сондықтан ділдік лексикон тек лингвистика тұрғысынан емес, психология және басқа салалар тұрғысынан да қарастырылады. Жүйке жүйесінің физиологиясымен, ойлау, сөйлеу және есте сақтау психологиясымен байланысы оның салааралық сипатын танытады. Джон Ли мен Хана Ченнің пікірінше жеке тұлғаның лексикалық қорының дамуы когнитивтік және әлеуметтік факторлардың өзара әрекеттесуінің нәтижесі ретінде қарастырылады [1, 45]. Адам өз лексиконынан белгілі бір сөзді тапқанда, сол сөзге қатысты белгілерді, яғни оның сипаттамасын, жазылуын, айтылуын, сондай-ақ, басқа сөздермен байланысын зерттей бастайды. Осылайша, ділдік лексикон қарапайым сөздікпен салыстырғанда әлдеқайда күрделі және динамикалық қасиеттерге ие. Лексикалық бірліктердің ділдік лексиконнан жарыққа шығу жолын қамтитын лексикалық қолжетімділік ділдік лексиконның ұйымдастырылу жолынан және оның ішкі құрылымынан айырмашылық жасайды. Ақпаратты іздеудің жеңіл болуы адамдардың оны қалай сақтайтындығына байланысты болғандықтан, бұл екеуі бір-біріне тәуелді. Мария Петрова жеке адамның ділдік лексиконының құрылымы мен мазмұны мәдениетаралық коммуникацияда маңызды рөл атқаратынын атап көрсетеді [2, 78]. Жеке тұлғаның ділдік лексиконы – адамның ойлау жүйесі мен мәдениетін айқындайтын сөздік қорының жиынтығы. Бұл лексикон адамның этномәдени ерекшеліктерімен, әлеуметтік ортасымен және когнитивті үдерістерімен тығыз байланысты. Ділдік лексикон тілдік тұлғаның дүниетанымы мен коммуникативтік қабілетін көрсетеді. Жеке тұлғаның ділдік лексиконы әртүрлі факторлардың ықпалымен қалыптасады. Әрбір адамның сөздік қоры оның тілді меңгеру деңгейіне және мәдени ортасына байланысты дамиды. Ділдік ерекшеліктер ұлттық құндылықтар, салт-дәстүрлер, тарихи тәжірибелер арқылы беріледі. Жеке тұлғаның қызмет саласы, әлеуметтік мәртебесі мен өмір салты оның лексикалық қорына әсер етеді. Белгілі бір мамандық иелері кәсіби терминологияны жиі қолданса, әртүрлі әлеуметтік топтар өздеріне тән сөйлеу нормаларын қалыптастырады. Адамның ойлау жүйесі, интеллектуалдық деңгейі мен эмоционалдық жағдайы да оның лексикалық қорына ықпал етеді. Лексикон адамның қабылдау ерекшеліктерін, ассоциациялық байланыстарын және жады қызметін көрсетеді. Жеке тұлғаның өмірлік тәжірибесі мен білім деңгейі оның сөздік қорының кеңдігі мен мазмұнын анықтайды. Көп оқитын, жаңа ақпаратты жиі меңгеретін адамның лексиконы бай әрі әртүрлі болады.

Ділдік лексикон бір-бірімен өзара байланысты элементтердің шоғырын құрайды. Ол – ұғым немесе мағыналардың өзара семантикалық байланыс арқылы түйіскен шоғыры. Бұл шоғырда сөздердің мағынасы олардың байланыс торындағы басқа сөздермен арақатынасына негізделген. Сөздердің мағынасы фонологиялық, синтаксистік, морфологиялық және семантикалық білімді қамтиды. Лингвистердің нәтижелерін зерттеудің негізінде сөзді түсіну және қолдану үшін қажетті алты бөлік анықталған:

- 1) сөздің жазылуы мен айтылуын қамтитын ауызша және жазбаша формасы;
- 2) оның құрылымы (түбір морфема, қосымшалары, т.б.);
- 3) тіркестер мен сөйлемдердегі синтаксистік құрылымдары;
- 4) референциалды, эмоционалды және прагматикалық мағыналары;
- 5) лексикалық байланыстары (синонимия, антонимия, гипонимия);
- 6) жиі тіркесетін сөздері.



Осы ерекшеліктерді ескере отырып, шетел ғалымдары ділдік лексиконды тілді оқытуда пайдалану үшін бірнеше модельдерді қалыптастырған.

Алан Смит пен Барбара Джонсонның пікірінше, жеке тұлғаның лексикалық қоры адамның когнитивтік дамуының және мәдени-тілдік ортасының ерекшеліктерін көрсететін динамикалық жүйе ретінде сипатталады [3, 112]. Майкл Уильямстың зерттеуі бойынша жеке тұлғаның лексикалық қорының мазмұны мен құрылымы мәдениетаралық коммуникация тұрғысынан үнемі маңызды фактор болады [4, 134]. А.А. Залевскаяның «Психоллингвистикаға кіріспе» атты еңбегінде жеке тұлғаның ділдік лексиконы «Таным үдерісі, психикалық жүйенің заңдылықтары және қоғамда қабылданатын нормалар мен бағалауға сай сөйлесу негізінде қалыптасқан когнитивті, эмоционалды-бағалауыштық тәжірибе (вербальды және бейвербальды). Индивидтің бірыңғай ақпараттық базасына қолжеткізудің құралы, функционалды динамикалық жүйе» ретінде қарастырылады. [5, 275]. Ал, П.Кривко жеке тұлғаның лексиконын дамуы кездейсоқ, тоқтаусыз жүзеге асатын, белгілі заңдылықтар бойынша өздігінен ұйымдастырылатын динамикалық жүйе деп таниды [6, 13]. Сондай заңдылықтардың бірін С.Ульман синонимиялық аттракция ретінде көрсетеді де, «Қоғам үшін барынша үлкен маңыздылыққа ие объектілер синонимдердің үлкен қатарына ие», – дейді [7, 15]. С.В. Лебедева жеке тұлғаның ділдік лексиконына мынадай анықтама береді: «Индивидтің санасындағы бірдей семантикалық бағдарламаның әртүрлі тілдік құралдар көмегімен сөйлеу және ойлау әрекетіндегі кескіннің көп сатылы үдересі негізінде жүзеге асуы» [8, 466]. Анциферова Л. жеке тұлғаның ділдік лексиконының құрылымын зерттеген Р.Браунның бір семантикалық өріске жататын көптеген ұғымдардың арасында әдетте нақты бір ұғымның ерекшеленетінін көрсеткендігін айтады. Оны сол сөздің көптеген мәнмәтіндерде жиі қолданылатындығымен байланыстырды [9, 132]. Яғни бала сөздерді үйренгенде жалқы атаулардан гөрі жалпы атауларды тезірек меңгереді. Мәселен, оған жануарлардың атауларынан гөрі «жануар» сөзін есте сақтау әлдеқайда ыңғайлы. Яғни жеке тұлғаның ділдік лексиконы қарапайымнан күрделіге қарай жүзеге асады. Ал оның толығы, өзгеруі экстралингвистикалық, лингвистикалық, жеке факторлармен және т.б. байланысты. Адамның дүниетанымы кеңейіп, тәжірибесі артқан сайын оның ділдік лексиконы да өзгеріп отырады.

Сөз – өз алдына күрделі құрылым, оның семантикасында адам өмірінің әртүрлі қыры көрініс табады. Сөз – өзінің заңдылықтары бар, тәжірибе, білім, эмоциялар негізінде үнемі толықтырылатын динамикалық субстанция. Кез келген тілді меңгеруде қиындық тудыратын үдерістердің бірі – жаңа сөздерді жаттау және оларды орнымен қолдану. Алайда бір тілдер тобына кіретін тілдерді меңгеру әлдеқайда жеңіл. Мәселен, қазақ тілін білетіндерге түрік тілін үйрену аса қиындық туғызбайды. Адамдардың бір сөзді түрліше қабылдауы оның ділдік лексиконымен байланысты. Бұл қалай жүзеге асатынын білу үшін сауалнама жүргізіп көрейік.

**Әдістеме және зерттеу әдістері.** Жоғарыда көрсетілген білім, тәжірибе факторларымен бірге адамның жас шамасы да үлкен рөл атқарады. Сондықтан жеке тұлғаның ділдік лексиконын сөздердің негізінде зерттеу үшін Г.Абрамованың жас классификациясына сүйендік. Г.Абрамова адамдардың әртүрлі жастағы психологиясын зерттей келе, психоллингвистикада тәжірибе жүргізуге ыңғайлы жас мөлшері ретінде төмендегі жіктеуді ұсынады [10, 78]:

Алғашқы жас мөлшері (жас) – 18-22 жас;

Екінші жас мөлшері (ересек) – 23-30 жас;

Үшінші жас мөлшері (ақыл тоқтатқан) – 30-50 жас

18-22 жас аралығындағы респонденттер – Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ студенттері. Ал 23-30 және 30-50 жастағы респонденттер – әртүрлі салада жұмыс істейтін мамандар. Сауалнамаға үш жас мөлшерінің әрқайсынан 50 респондент, жалпы, 150 респондент қатысты. Сауалнаманың мақсаты:

Белгілі бір сөздердің ассоциациялары арқылы адамдардың реакцияларын анықтау;

Негізгі сөздің барынша жиі қолданылған каллокторларын табу;

Жинақталған жауаптар арқылы жеке тұлғаның ділдік лексиконына әсер ететін факторларды талдау.

Зерттеудің тәжірибелік материалы ретінде бес сөз алынды: *ел, үй, тіл, білім, адам*. Бұл сөздер бекер таңдалып алынбады. Олар – «М.О.Әуезовтің 20 томдық шығармалар мәтіндерінің сөздіктері» және «Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігі» атты жиілік сөздіктердің алғашқы жүздігіндегі зат есімдер. Респонденттер осы сөздерді қандай сөздермен байланыстыратындықтарын көрсетуі керек болды.

**Талқылау мен бақылау.** Елдің бейнесі әр адамның ойында кішкентайынан-ақ қалыптасатындығы белгілі. Ол балабақшадан бастап үй, отбасы, Отан сияқты ұғымдармен байланыстырылады. Алайда уақыт өте келе әр адам қоғамға, ортаға сай өз түсініктерін қалыптастырады. Сондықтан әрбір индивидтің өзіндік интерпретациясы болатынына қарамастан, әлеуметтік факторлар да үлкен рөл атқарады. Оны осы сөзге жүргізілген сауалнама нәтижесінен көре аламыз. Жүргізілген сауалнама «ел» сөзіне қатысты ең жиі қайталанған реакциялардың келесі түрін бөлуге көмектесті:

- әлеуметтік-қоғамдық түрде қалыптасқан атаулар: ту, ата заң, егемендік;
- когнитивті жайды көрсететін реакциялар: елдердің атаулары;
- эмоционалды-аффективті реакциялар: әлем, соғыс, бірлік

1-кесте. “Ел” сөзінің қатары



Мұнда жас мөлшеріне сай тәжірибе мен түсініктің де басқаша екендігін байқай аламыз. Мәселен, 18-23 жас аралығындағы студенттер көбіне «туған жер, халық» деп жауап берсе, ересектер «ел» сөзін әлеуметтік жағдайларға байланысты соғыспен, әлеммен, егемендікпен байланыстыратынын байқаймыз. Бұған әлемде орын алған саяси мәселелер де әсер етеді. Ал студенттердің жауаптарының арасында ел атауларының көп болуы олардың шетелде білім алып, саяхаттауымен байланысты болуы мүмкін. Сол сияқты, ересектердің ішінде «ата заң» сияқты күтпеген жауаптардың болуы елдің ішіндегі қоғамдық жайттарға алаңдаушылықты танытады.

2-кесте. “Тіл” сөзінің қатары



«Тіл» сөзі де қазіргі кезде әлеуметтік мәнге ие. Саяси жағдайларға байланысты елімізде қазақ тілінің мәселесі алдыңғы орынға шықты. Халық тіл ахуалына алаңдаушылығын анық білдірді. Әлеуметтік желілерден де бұл мәселенің аса өткір екендігін анық байқаймыз. Ал әлеуметтік желілер қазіргі адам өмірінде маңызды орынға ие екендігі белгілі. Сондай-ақ, ақпараттық технологияның дамуы оның адамның тұлғалық дамуына, ойлау жүйесіне, көзқарасы мен ұстанымдарының қалыптасуына, түптеп келгенде ділдік лексиконына әсер ететіндігін көрсетті. «Тіл» сөзі адам санасында қазіргі жағдайларға байланысы эмоцияналды-аттрактивті мәнге ие екендігін байқаймыз. Когнитивті жағдай мына реакциялардан көрінеді: орыс тілі, қостілділік, т.б. Ал индивдтің жеке тәжірибесі мына сөздерден анық байқалды: сөздікқор, француз тілі, қытай тілі, ағылшын тілі. Яғни «тіл» дегенде студенттер үшін тіл үйренудің маңызды әрі өзекті екендігін аңғарамыз. Демек, жеке тұлғаның ділдік лексиконына сыртқы факторлардан бөлек жеке тәжірибесі көбірек әсер ете алатындығы анық. Студенттердің арасында «дінгек» сынды атаулардың қолданылмауы да жас мөлшеріне қатысты белгілі тәжірибені көрсетеді. «Қостілділік» сөзін үш жас мөлшеріндегі респонденттердің жауабынан көру елімізде осы мәселенің өзекті екендігін көрсетеді.

3-кесте. “Үй” сөзінің қатары



“Үй” сөзі барынша қанық эмоционалды реңкке ие реакцияларды тудырды.

- әлеуметтік-қоғамдық түрде қалыптасқан атаулар: ту, ата заң, егемендік;
- когнитивті жайды көрсететін реакциялар: бақыт, ошақ, дастархан;
- эмоционалды-аффективті реакциялар: жылулық, жайлылық, тыныштық.

Мұнда әр индивдтің жеке тәжірибесінен гөрі жас ұлғайған сайын өзгертін түсініктерді көбірек байқауға болады.

4-кесте. “Білім” сөзінің қатары



«Білім» сөзіне келгенде 30-50 жас аралығындағы респонденттердің әдеттегі «ғылымнан» гөрі «мүмкіндік» сөзін ұсынуы – олардың жеке тәжірибесінің айғағы. Сондай-ақ, осы сөзге келгенде үш

жас мөлшеріндегі респонденттердің жауаптары көбіне бір-бірімен байланысып тұрғандығын байқаймыз. Бұған барлық жауаптардың аса қатты айырмашылық жасамайтындығы дәлел болады.

5-кесте. “Адам” сөзінің қатары




«Адам» сөзіне келгенде жеке индивидтік тәжірибе «тәртіп», «бірегейлік» сөздерінен көрінді. Сондай-ақ, тағы да әлеуметтік жағдайларға сай «адам» сөзіне қатысты жағымсыз эмоционалды реңктегі сөздерді байқаймыз. Әсіресе, ересектердің жауабынан осындай бағыттағы жауаптарды аңғаруға болады. Одан бөлек реакцияларды төмендегідей жіктей аламыз:

- когнитивті жайды көрсететін реакциялар: бірегейлік, тұлға
- эмоционалды-аффективті реакциялар: соғыс, өлім.

**Нәтижелер.** Жоғарыда берілген респонденттердің жауаптарына қарай отырып, әр индивидтің санасында ділдік лексиконның өзіндік ұйымдастырылу жүйесі барын түсінеміз. Өзіндік ұйымдастыру дегеніміз – біртекті емес жүйе элементтерінің уақыттың өзгеруіне қарай ішкі құрылымын реттеп отыру қабілеті. Индивидтің санасындағы өзін ұйымдастыру жүйесі әртүрлі жастағы респонденттердің бірдей сөздерге пайыздық көрсеткіші үлкен айырмашылық жасамайтын бірдей реакция танытуымен көрінді. Бұл жас айырмашылығына, әлеуметтік жағдайына қарамастан сөздер қатарының бір-біріне ұқсайтындай етіп өзіндік ұйымдастырылуына әсер ететін факторлардың барын көрсетеді. С.А. Кенжеғалиев «Тілдік тұлғаның сөйлеу әрекеті және лексиконы» атты мақаласында ділдік лексиконның жеке адамның психикасы мен сөйлеу әрекетіне әсерін зерттей отырып, сөз саптау мен қабылдау әрекетінің ерекшеліктеріне тоқталады [11, 70]. Д.Жексенова мен Б.Сағындықұлы “Өзара әрекеттесу кезінде адам, ең алдымен, өзінің жеке, жеке сипаттамаларына сүйенеді, басқаша айтқанда, тәрбие процесінде қалыптасқан және алынған әлеуетті қасиеттерге назар аударады. Екінші компонент – вариативті компонент немесе қазақ тіліндегі сөйлеу әрекетінің жеке стилі – сөйлеу мінез-құлқының маңызды компоненттерінің бірі”, –деп, қоршаған орта мен адамның мінез-құлық ерекшеліктерін атап өтеді [12, 55]. Ал, біз ділдік лексикондағы сөздердің қатарын реттейтін екі факторды бөліп көрсетеміз: тұлғалық және сыртқы контекстік. Зерттеу нәтижесінде жас секілді тұлғалық фактордың қаншалықты маңызды орын алатындығын анықтадық. Индивидтің санасындағы сөзбен байланысты сезімдер мен эмоциялардың әртүрлілігі реттілік параметрі ретінде көріне алады. Интеллектуалды фактор индивидтің сөз туралы ақпаратын көрсететін әртүрлі білімді қамтиды. Сыртқы контекстік фактор индивидтің қоғамдық жұмысымен (мәдениеті, өмір сүру қалпы, т.б.) байланысты факторлармен басқарылады.

1-сызба. Тұлғалық және сыртқы контекстік факторлар



**Қорытынды.** Жеке тұлғаның ділдік лексиконы – оның когнитивтік дамуы мен әлеуметтік ортасының көрінісі. Ол адамның өмірлік тәжірибесі, кәсіби қызметі, эмоционалдық әлемі және мәдени байланыстарымен тығыз байланысты. Ділдік лексиконның зерттелуі тек теориялық қана емес, практикалық тұрғыдан да маңызды, себебі ол адамның қарым-қатынас жасау қабілетін дамытуға, тілдік ерекшеліктерін талдауға және тілдік ортаға бейімделуге көмектеседі. Көрсетілген нәтижелер жеке тұлғаның ділдік лексиконының өзіндік ұйымдастырылуы жас факторына қарамастан ұқсас түрде жүзеге асуы мүмкін екендігін көрсетті. Бірдей нәтиженің болуы адамдар өз білімін тең дәрежеде қолданды дегенді білдірмейді. Керісінше, респонденттер әртүрлі ойлауы арқылы бірдей нәтижеге қол жеткізе алады. Бұл мәндес сөздерді іздеуде олардың әртүрлі стратегия мен ұстанымдарға жүгінгенін байқай аламыз. Индивидтің санасындағы бұл үдеріске әртүрлі факторлар әсер ете алады. Мәселен, елдегі әлеуметтік жағдай, индивидтің жұмыс істеу саласы, жасы, білімі, жынысы және т.б. Маңызды факторлардың бірі – өзіндік ұйымдастырылу үдерісінің тізбекті түрде дамымауы немесе мүлде дамымай қалуы. Яғни индивидтің сөзді таңдауына бұрынғы білімі, тәжірибесі әсер етпей, кездейсоқ таңдау жасауы да мүмкін. Сауалнама нәтижесінде жеке тұлғаның ділдік лексиконына әсер ететін келесі факторларды анықтадық:

- әлеуметтік-мәдени жағдай;
- индивидтің эмоционалды-аффективті жағдай;
- индивидтің когнитивті жағдай;
- ситуативтік қабылдау;
- жеке тәжірибе;
- объектінің сипаттамасы;
- стереотиптік жағдай;
- предикаттық байланыс;
- атрибутивті байланыс.

### Әдебиеттер

1. Lee J., Chen H. The Interaction of Cognitive and Social Factors in Lexical Development. – Journal of Language and Social Psychology, 2018. – Vol. 37, № 1. – P. 45-60. DOI:10.1002/9780470561119.socpsy002036
2. Petrova M. The Role of Personal Lexicon in Intercultural Communication. – International Journal of Intercultural Relations, 2020. – Vol. 74. – P. 78-90. DOI:10.20896/saci.v7i3.524
3. Smith A., Johnson, B. The Dynamics of Lexical Growth in Cognitive and Cultural Contexts. – Cognitive Linguistics Today, – Vol. 52, № 3. – 2019. – P. 112-128.
4. Williams M. Lexical Content and Intercultural Communication: A Synergetic Approach. – Intercultural Studies Quarterly, 2021. – Vol. 15, № 4. – P. 134-150.
5. Залевская А. Введение в психолингвистику. – М.: Российск. гос. гуманит. ун-т, 2007. – 560 с.
6. Кривко И. Специфика синонимической аттракции в лексиконе индивида: синергетический подход. – Курск: Курский государственный университет, 2010. – 35 с.
7. Ullman S. Semantic Universals. – Л.: Просвещение, 1975. – 279 с.
8. Лебедева С. Близость значения слов в индивидуальном сознании. – Тверь, 2002. – 311 с.

9. Анциферова Л. Развитие личности и проблемы геронтопсихологии. Изд. 2-е. – М.: РАН, 2006. – 512 с.

10. Абрамова, Г. Возрастная психология : учебник для вузов / Г. С. Абрамова. – М.: Юрайт, 2012. – 811 с.

11. Кенжеғалиев С. Тілдік тұлғаның сөйлеу әрекеті және лексиконы // Қарағанды университетінің хабаршысы. Филология сериясы. №4. – 2021. – Б. 67-76.

12. Жексенова Д., Сағындықұлы Б. Жеке тұлғаның іс-әрекетіндегі коммуникативті құзыреттіліктің рөлі мен маңызы // Тіл және әдебиет: теориясы мен тәжірибесі. №2. – 2023. – Б. 53–60.

**Д.К. БЕРГИБАЕВА, С.А. КЕНЖЕГАЛИЕВ,**

Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова,

Караганда, Казахстан

**Ж.К. ОМИРБЕКОВА,**

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

### **МЕНТАЛЬНЫЙ ЛЕКСИКОН ИНДИВИДА**

**Аннотация.** Ментальный лексикон – один из терминов, который в последние годы стал актуальным объектом исследования в лингвистике. Его изучение с разных аспектов способствует исследованию глубинных уровней языка и выявлению особенностей его освоения. Исследование ментального лексикона индивида позволяет понять, как происходят процессы восприятия и анализа слов.

Комплексное изучение ментального лексикона требует рассмотрения языковых особенностей индивида. В данной статье ментальный лексикон индивида исследуется с помощью метода анкетирования. Целями опроса являются: выявление реакций людей на определённые слова посредством ассоциаций; определение наиболее частотных коллокаторов ключевого слова; анализ факторов, влияющих на ментальный лексикон индивида, на основе собранных ответов. Для этого была выбрана классификация возрастных групп, предложенная Г. Абрамовой, известной своими продуктивными трудами в области психологии развития, и на её основе были сформулированы вопросы для респондентов. В статье приводятся различные определения ментального лексикона, предложенные исследователями. Основные разделы работы включают: исследования, посвящённые ментальному лексикону индивида; анкетирование, направленное на выявление факторов влияния; анализ ответов; определение характеристик ментального лексикона индивида.

**Ключевые слова:** индивид, ментальный лексикон, когнитив, эмоционально-аффективная реакция, личностный фактор, внешний контекстуальный фактор.

**D.K. BERGIBAYEVA, S.A. KENZHEGALIEV**

Academician E.A. Buketov Karagandy University, Karagandy, Kazakhstan,

**ZH.K. OMIRBEKOVA,**

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

### **THE MENTAL LEXICON OF THE INDIVIDUAL**

**Annotation.** The mental lexicon has become one of the key subjects of linguistic research in recent years. Studying it from different perspectives helps explore the deeper layers of language and identify the features of language acquisition. Research on an individual's mental lexicon provides insight into the processes of word perception and analysis.

A comprehensive study of the mental lexicon requires examining an individual's linguistic characteristics. This article investigates the mental lexicon of an individual using a survey method. The objectives of the survey include identifying people's reactions to specific words through associations,



determining the most frequently used collocates of a key word, and analyzing the factors influencing an individual's mental lexicon based on the collected responses. For this purpose, the classification of age groups proposed by G. Abramova, known for her influential work in developmental psychology, was chosen as a foundation for formulating questions for respondents. The article presents various definitions of the mental lexicon proposed by researchers. The main sections of the study include an overview of research on an individual's mental lexicon, a survey designed to identify influencing factors, an analysis of responses, and the determination of the characteristics of an individual's mental lexicon.

**Keywords:** individual, mental lexicon, cognitive, emotional-affective reaction, personal factor, external contextual factor.

### References

1. Lee J., Chen H. The Interaction of Cognitive and Social Factors in Lexical Development. – Journal of Language and Social Psychology, 2018. – Vol. 37, № 1. – P. 45-60. DOI:10.1002/9780470561119.socpsy002036
2. Petrova M. The Role of Personal Lexicon in Intercultural Communication. – International Journal of Intercultural Relations, 2020. – Vol. 74. – P. 78-90. DOI:10.20896/saci.v7i3.524
3. Smith A., Johnson, B. The Dynamics of Lexical Growth in Cognitive and Cultural Contexts. – Cognitive Linguistics Today, 2019. – Vol. 52, № 3. – P. 112-128.
4. Williams M. Lexical Content and Intercultural Communication: A Synergetic Approach. – Intercultural Studies Quarterly, 2021. – Vol. 15, № 4. – P. 134-150.
5. Zalevskaya A. Vvedenie v psiholingvistika. – M.: Rosisk. god's. humanity. unt, 2007. – 560 s.
6. Krivko I. Spesifika sinonimicheskoi atraksii v leksikone individa: sinergeticheski podhod. – Kursk: Kurski gosudarstvennyi universit, 2010. – 35 s.
7. Ullman S. Semantic Universals. – L.: Prosvetshenie, 1975. – 279 c.
8. Lebedeva S. Blizos znachenia slov v individuálnom soznanii. – Tver, 2
9. Antsiferova L. Razvitie lichnosti i problemy gerontopsihologii. 2-e. – M.: RAN, 2006. – 512 s.
10. Abramova, G. Vozrastnaia psihologia : uchebnik dlä vuzov / G. S. Abramova. – M.: İurait, 2012. – 811 s.
11. Kenjeğaliev S. Tıldık tұлғаныñ söileu äreketi jäne leksikony // Qarağandy universitetinñ habarşysy. Filologia seriasy. №4. – 2021. – B. 67-76.
12. Jeksenova D., Sağyndyqұly B. Jeke tұлғаныñ ıs-äreketindegi komunikativtı qūzyrettiliktñ röli men mañyzy // Tıl jäne ädebiet: teoriasy men täjiribesı. №2. – 2023. – B. 53– 60.

### Авторлар туралы мәлімет:

**Біргебаева Динара Қалдыбекқызы** – Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің докторанты, Қарағанды, Қазақстан.

**Бергибаева Динара Қалдыбекқызы** – докторант Карагандинского университета имени академика Е.А. Букетова, Караганда, Казахстан.

**Bergibaeva Dinara Kaldybekkyzy** – doctoral student Academician E.A. Buketov Karagandy University, Karagandy, Kazakhstan.

**Кенжеғалиев Саян Ақылжанұлы** – филология ғылымдарының кандидаты, Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің қауымдастырылған профессоры, Қарағанды, Қазақстан.

**Кенжеғалиев Саян Ақылжанович** – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова, Караганда, Казахстан.

**Kenzhegalyev Sayan Akylzhanovich** – candidate of Philological Sciences, associate professor, Academician E.A. Buketov Karagandy University, Karagandy, Kazakhstan.



**Өмірбекова Жамиля Қалдыбекқызы** – филология ғылымдарының кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің доценті, Астана, Қазақстан.

**Омирбекова Жамиля Калдыбекқызы** – кандидат филологических наук, доцент, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

**Omirbekova Zhamila Kaldybekkyzy** – candidate of Philological Sciences, associate professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.